



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

саяси механизмдерді енгізу үшін жеткілікті икемді. Соңында, C5 + 1 диалогы кездейсоқ «формат» деп аталмайды, бұл оның біркелкі емес (қазіргі кезде) және икемді сипатын білдіреді. Бұл пікірді АҚШ Мемлекеттік департаменті бөліседі, болашақта C5 + 1 жалпы мәселелерді шешу үшін бірлесе әрекет ететін платформа болады деп күтеді.

Сонымен қатар "C5 + 1" форматы Астана өзінің аймақтық бағдарламасын ілгерілету үшін бірегей мүмкіндік ұсынады. Орталық Азия мемлекеттерімен қарым қатынас 2014-2020 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының сыртқы саясатында ең басты міндеттерінің бірі болып табылады. Сондықтан да, кез келген аймақтың дамуы мен қауіпсіздік мәселесі насихатталатын болса, онда ол ұлттық мүддеге жауап береді. Осылайша, осы кезеңде Қазақстан үшін C5 + 1 операциялық аспектісін жақсарту үшін серпін бермеу және бастамаларды жалғастыру маңызды, өйткені бұл шаралар форматтың масштабы мен тереңдігін одан әрі кеңейтуге кепілдік береді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. <https://cyberleninka.ru/article/n/proekt-ssha-bolshaya-yuzhnaya-aziya-interesy-stran-tsentralnoy-azii-i-klyuchevyh-neregionalnyh-aktorov>
2. <https://vector-eurasia.org/internal/project-analyst/8/>
3. <http://expertonline.kz/a15343/>
4. <http://expertonline.kz/a15343/>
5. <https://cyberleninka.ru/article/n/proekt-ssha-bolshaya-yuzhnaya-aziya-interesy-stran-tsentralnoy-azii-i-klyuchevyh-neregionalnyh-aktorov>

ӘОЖ 339.98

ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ ҚАҚТЫҒЫСТАР МӘСЕЛЕСІ

Қадырсызова Алтынай Алмасқызы

akadirsizova@inbox.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Халықаралық қатынастар факультетінің
3-ші курс студенті, Астана, Қазақстан

Джумадилова Гаухар Мухаметрахимовна

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Халықаралық қатынастар факультетінің
аға оқытушы,
Астана, Қазақстан

Мұнай дәуірінің келуімен, бұл көмірсутегі ресурс- экономикалық дамуда және халықаралық қатынастарда күннен күнге маңызды рөл атқаруда. «Қара алтынның» кен орындарын иелену үшін күрес, оның экспорттық маршруттар мен баға процесін бақылау әлемдік геосаясаттың қозғаушы күштерінің бірі болды. XX ғасырдағы: Эфиопия-Сомали, Вьетнам-Қытай, Йемен-Сауд Арабиясы арасындағы қақтығыстар, ең қанды Иран-Ирак соғысы осыған дәлел болады.

Сонымен қатар, елдерге мұнай жеткізуді блоктау, әлемдік бағаларды өзгерту, саяси қысымның күшті құралдарына айналды. Мысалы, 1941 жылдың желтоқсанында АҚШ-тың әскери-теңіз флотының Перл Харбор Тынық мұхиты теңіз базасында Жапонияның шабуылы туралы мәлім. Бұл Екінші дүниежүзілік соғысқа АҚШ-тың кіруіне әкелді. Әрине, соққының негізгі себебі - Жапонияның индонезиялық мұнайға кіруін тоқтату үшін АҚШ-тың мұнай эмбаргосын енгізу екенін бәрі білмейді. КСРО-ның құлдырауы да, негізінен, мұнай бағасының күрт төмендеуінен болды. Мұнай факторы Араб әлеміне тікелей қатысты, әсіресе мемлекеттердің ЖӨ-де мұнай 2/3 бөлігін құрайды. Мұнда Солтүстік Африканың кейбір елдерін қоспағанда, Парсы шығанағы аймағы туралы айтылады. Яғни мұнай бірнеше онжылдықтар ішінде шөлді жерлердегі аймақтарды халықаралық аренаға күшті ойыншылар ретінде шығарды. Оған мысал ретінде Осман империясын айтсақ болады. Екінші жағынан,

бұл ресурс, субаймақтарды үлкен халықаралық шиеленістерге алып келді. Тек қана Парсы Шығанағында жарты ғасыр бойы, кем дегенде шетелдік державалардың араласуымен үш ірі әскери қақтығыстар болып өтті[1].

Коннект-анализ

Суэц дағдарысының себептері, мемлекеттердің қызығушылықтары

Кіріспе Бұл талдау Суэц дағдарысының процесіне қатысушы тараптар арасындағы байланыстарды анықтау арқылы дағдарыстың себептерін қарастырады. Қақтығыс 1956 жылдың қазан айынан бастап 1957 жылдың наурызына дейін созылды.

Тарихи дискурс Екінші дүниежүзілік соғыс аяқталғаннан кейінгі алғашқы жылдары британдықтар Суэц каналы аймағында әскери контингенттерді ұстап тұра берді, бұл Мысырдың ұлтшылдарының күшеюіне себеп болды. Египет арабтарының наразылығы 1948-1949 жылдардағы Израильмен соғыс кезінде аумақтық айырулардың және елдегі экономикалық жағдайды жақсартпа алмаған әлсіз үкімет үшін туды. Фарук патша тақтан өз еркімен бас тартып, елден тыс кетіп қалды, оның орнына Революциялық Кеңес келді.

1953 жылдың басында Нагиб үкіметі британдықтармен келіссөз жүргізу процесін бастады. Осы келіссөздердің нәтижесінде 1956 жылы:

1. Судан тәуелсіздікке ие болды
2. Ағылшындар толығымен өз әскерлерін Суэц каналының зонасынан шығаруға мәжбүр болды.
3. Тараптар Суэц каналы халықаралық су жолы болып қала беретініне келісті.

Мысырдың саясатында басты рөл Нагибтің оң қолы, 1954 жылы премьер-министр болған Гамаль Абдель Насерге ауысты. Ол Таяу Шығыста Батыстың ықпалына қарсы болды, бұл қарсылық екі оқиғамен белгіленеді:

1. 1953 жылы американдықтар Иранға төңкеріс жасап, екі жыл бұрын тақтан ығыстырылып тасталған, батыстық шах Мохаммед Моссадықты қалпына келтіруі. Моссадық Ирандағы ағылшын және американдық мұнай компанияларын тәркіленгеннің себебінен, биліктен алып тасталынған болатын.

2. 1955 жылы Ұлыбритания аймақтағы өз ықпалын сақтап қалуға ұмтылған кезде, Ирак, Түркия, Иран және Пәкістанмен Бағдат Пактына қол қойып, АҚШ-тың қатысуы;

Насыр, Нагибты тақтан тайдырып, президент болуға дайындалып жатқан кезінде, 1953-1955 ж оқиғаларда, Мысырды оқшаулау әрекетін түсініп, коммунистік блокпен жақындасуды күшейтті. Мәскеу бұрын Моссадық режимін Иранда қолдағанын айтып кету керек. Осы әрекеттер және Египет Шығыс Еуропаның қару-жарағына ие болуы - Батыстың тітіркенуіне басты факт болды. Мысыр аймағында жағдай өршіге түсті. 1952 жылдың жазында Гамал Абдель Насыр Суэц каналы аумағында британ шабуылдарын санкциялап, олардың эвакуациясын талап етті. Мысырдағы британ әскерлерінің командирі генерал Эскин үкіметке араласуын, сонымен бірге Фарух патшаның таққа қайта келуін ұсынды. Алайда, Лондон Таяу Шығыстағы ымырасыз позициялардың асқынуына орай қатал қадамдарға қарсы болды. Оның орнына, британдықтарға Египетке тиесілі 10 миллион фунтты ұстап қалды. Сонымен қатар, Каирдің тітіркенуін азайту үшін арнаның аумағында британдық әскерлер саны 80-нен 10 мыңға дейін қысқартты. Бірақ Насыр әрі қарай әрекеттерді жалғастыра берді.

Біраз уақыттан бері Мысыр үкіметі Батыс пен Шығыстың арасында болды, бірақ Мысырдағы ірі инженерлік жобаға байланысты - Асуан плотинасының құрылысы үшін жағдай өзгерді. Батыс бастапқыда бұл құрылысты қаржыландыруға келісті, бірақ 1956 жылдың шілдесінде Мысыр Шығыс блогына болашақта қосылатынын мәлімдеді. Кеңес Одағы тез аренаға шығып, тапсырысты қабыл алды. Сонымен қатар Насыр, Нагибты тақтан тайдырып, Суэц каналын ұлттандыру туралы жариялады.

Осы шешім, басты Суэц дағдарысының себебі болды. Басты Суэц компаниясының негізгі акционерлері Англия мен Франция, Каирдың батыс елдеріне тасымалдау бостандығынан айыратынынан қорықты. Сондықтан Англия мен Франция Суэц каналын күшпен қайтаруға құпия түрде келіседі.

Осы кезден бастап Таяу Шығыста ауқымды соғыс басталу қаупі қалыптасты. Англия мен Франция Египетке экономикалық эмбарго жариялап, қарулы интервенцияға дайындықты бастады. НАТО-ның мүшесі ретінде Анлия мен Франция АҚШ-тың қолдауына сенді. Ұлыбритания Премьер-Министрі Эден Даллеспен әңгімелесу барысында Вашингтон Таяу Шығыстағы «қарулы күштерді пайдалану» мүмкіндігін жоққа шығармайтынын айтқан болатын. Еуропалық мемлекеттердің Египетке деген позициясын, осы жерден-ақ аңғаруға болады. Франция мен Израильдің әскери қатынастары, одақтастардың тез тіл табысуына алып келді. Осылайша, Насер Суэц каналын ұлттандыру туралы жариялаған күнінен кейін француз қорғаныс министрі Парижде Израильдің әскери атшәсесі Шимон Переске (болашақта, Президент және Израильдің сыртқы істер министрі) Мысырға басып кіру жоспары туралы ақпарат берді. Құпия жоспар Франция мен Израильдің әскери бөлімдері өкілдерінің кездесуінде талқыланды.

Жоғарыда айтылғандардың бәрінен, Суэц дағдарысының басты себептерін, мынадай түрде көрсетуге болады:

-Египеттің каналды ұлттандыруы

-Египет пен Израиль арасындағы қайшылықтар

-Египет мемлекетінің Варшава келісім-шартындағы мемлекеттерімен жақындасуы

Мемлекеттердің бұл сұрақтағы нақты позицияларын анықтау үшін, жеке мемлекеттердің қызығушылықтарын қарастыру керек:

АҚШ

Америка Құрама Штаттары араб мұнайының ең ірі тұтынушысы болды. Әлемдік экономика №1 планетада тұтынылған мұнайдың жартысына жуығын импорттады, бұл Таяу Шығыстан келетін бұл импорттың шамамен 40 пайызы. Әлемнің басқа бөліктеріндегі мұнай кен орындары не қол жетімсіз, не жоғары пайдалану шығындарын талап ететіндіктен, Вашингтон болашақта араб әлемінің өнімдерін таптырмас деп санады. Осыған орай, американдық компаниялардың Таяу шығыс елдерінің мұнай өнеркәсібіне инвестициялардан пайдасы жыл сайын 2-3 млрд. АҚШ долларын құрады және мемлекеттердің төлем балансына елеулі үлес қосты. Онда АҚШ президентінің ұлттық қауіпсіздік жөніндегі кеңесшісі Збигнев Бжезинский былай деп жазды: «Парсы шығанағындағы мұнай қорына қолжетімділік, онда үштен екісі Оңтүстік-Батыс Азиядағы негізгі мұнай бағыты болып табылады. Дегенмен, АҚШ-тың батыс еуропалық одақтастары, сондай-ақ Жапония, Оңтүстік Корея экономикасы араб мұнайының импортына тәуелді болды. Осылайша, ФРГ-да мұнайдың жалпы көлеміндегі үлесі 45 пайызды, Франция - 70 пайызды, Жапония - 75 пайызды құрады. Нәтижесінде олардың үкіметтері, мүмкіндігінше, Таяу Шығыстағы американдық саясаттың израильдік аспектілеріне тікелей қолдау көрсетуден бас тартуға ұмтылды [2].

Франция мен Англия:

Премьер-министр Энтони Эден және премьер-министр Гай Моллет әрекет етуді шешті. Британ империясының фрагменттеріне ең қысқа жолды құлатуға, мұнай тапшылығын жоюға және Суэц қорларынан пайда табуды жөн көргісі келді. Француздарда қосымша есептеу болған. Олар Каирдің Алжирге француз әскерлеріне қарсы күресте көмектесетініне сенген.

КСРО

Жоғарыда айтылғандай, Таяу Шығыстағы британдық әскерге қарсы тұру үшін Насер Кеңес Одағымен жақындастыруды бастады.

1953-1954 жылдары. КСРО мен Египет арасында сауда туралы келісімдер жасалды. 1955 жылы Біріккен Корольдікті, Түркияны, Иран мен Иракты қамтитын Багдад Пактысын құрғаннан кейін, Насер араб әлемінің тарихында алғаш рет кеңестік қарудың үлкен партиясын сатып алды (ресми түрде Мысыр, Израиль сияқты, Чехословакияда қару сатып алды). Бұл факт КСРО-ның Таяу Шығыстағы стратегиялық енуінің басталуы болды.

Суэц дағдарысында КСРО ерекше рөл атқарды.

Нәтижесі: Египеттің әскери жеңіліске ұшырауы; Ұлыбритания мен Францияның әскерлері КСРО мен АҚШ-тың дипломатиялық қысымына байланысты кетуі;

Қорытынды:


Шиеленіс қарама-қарсы тараптардың аймақтық өзгерістерінсіз аяқталды. Қақтығысты тоқтатуда маңызды рөл КСРО, АҚШ, Біріккен Ұлттар Ұйымы ойнады.

Суэц дағдарысы халықаралық мұнай өнеркәсібі үшін салдары болды: мұнайды тасымалдау және мұнай құбыры арқылы мұнай тасымалдаудың осалдығын көрсетті.

Жаңа жолдарды іздестіру қажет болды.

Коннект-анализ(схема)

Суэц дағдарысындағы мемлекеттер позициясы



Шартты белгілер:

- Халықаралық ұйымдар ішінде өзара әрекеттесу
- Қызуғышылықтары бойынша әрекеттесу
- Келісімшарттар бойынша әрекеттесу
- Қарсылас мемлекеттер
- Қару жарақ тасымалдаушы

Situation-анализ

Иран-Ирак соғысы

Сегіз жылдық Иран-Ирак соғысы - XX ғасырдың екінші жартысындағы қантөгісті, "үшінші әлем" тарихындағы ең ұзақ қақтығыстардың бірі болды. Иран-Ирак соғысы 1980 жылдың қыркүйегінде, алты Ирак дивизиясы ескертусіз көршілес Иранның шекарасын кесіп өтіп, Шатт-эль-Араб өзенінің шығыс жағалауын және батыстағы Иранның Хузистан провинциясын басып алуымен басталды. Бұл соғыс ирандықтардың арасында «Қасиетті қорғаныс» деген атпен танымал. Әскери қақтығыстың себептері XX ғасыр бойы иран-ирак мемлекетаралық бәсекелестіктен, Таяу Шығыстағы ұлы державалардың қарсыластық саясатының нәтижесінде болған күрделі тарихи оқиғалар, саяси, экономикалық және діни

факторлар болды.

А) Маңызды акторлар

С. Хусейн және Р.Хомейни

1970 жылдардың аяғында Иран мен Ирак арасындағы дәстүрлі аумақтық даулар және аймақтық көшбасшылық үшін күрес, Иранда Таяу Шығыстағы елдерге «исламдық революцияны экспорттау» саясатын жариялаған ислам радикалдары келуімен өршіді. Иранның рухани басшысы Р.Хомейни Парсы шығанағының монархияларын, Ирактағы «БААС» ұйымын ислам фундаменталды білімдерін жоқтығына нұсқау көрсетіп және принциптерінен бас тартуына айыптады. Иранның агрессивті режиміне қарамастан, әскери іс-қимылдардың инициаторы ирак жағы болды.

1980ж. 17 қыркүйекте С.Хусейн біржақты тәртіппен 1975ж Ирак үшін өте қолайсыз шарттармен жасалған, Алжир келісімшартын айыптады. Келісімшартта Шатт-эль-Араб өзенін тальвег сызығы бойынша бөлу принципі көрсетілген. Бұл шешіммен келіспеген Ирак Иранға басып кірді. Осының негізінде Ирак әскери іс-қимылдардың тоқтатылуына бірқатар шарттарды белгіледі:

-Шатт-эль-Араб өзенінің толығымен Иракка өтуі

- Иранмен басып алынған Парсы шығанағындағы үш аралды босату.

Біріккен Араб Әмірліктері, Иранның Ұлы және Кіші Томб және Абу-Муса аралдарын оккупациялау мәселесін көтеруді орынсыз деп санады. Осы талаптарға жауап ретінде Иран Шатт-эл-араб өзенін «әскери операция аймағы» ретінде және Ормуз бұғазын жауып тастады. Ирак күштері бастаманы тек алғашқы алты апта сақтай алды. Осы кезеңде мұнайдың бай кендері бар Хузистан провинциясының бөлігі жаулап алынды.

АҚШ

АҚШ С.Хусейнмен саяси және экономикалық тығыз қарым-қатынастар орнатуға қарсы болды. Себебі Багдад КСРО-ның одақтасы, Израильдің қарсыласы болды. Бұл саясат АҚШ-қа тиімді емес еді. АҚШ бұл шиеленісте нейтралитет саясатын ұстанды.

КСРО

Мәскеу Ирак режиміне күтілетін әскери көмек көрсетпеді. Мұның себебі Хусейннің Шығанақтағы соғысы- кеңестік саясатқа тиімсіз болды. Ислам революциясының жеңісінен кейін Иран мен Ирак Парсы шығанағында антибатыстық күш болатын, ал екеуі бір-бірімен соғысқан кезде Батысқа қарсы тұру қабілетінен айырылды. Ал соғыста Ирак ұта бастағаннан кейін, КСРО Иракқа қару-жарақпен көмектесті.

Сирия

Сирия барлық араб мемлекеттерінің ішіндегі Иракқа қатысты ең қарсылас позициясын алды.

-Дамаск Иракқа Сирия порттарын пайдалануына тыйым салды;

-Сирия аумағы арқылы ең қысқа транзиттік автокөлік және Ирактың Жерорта теңізімен байланыстыратын теміржол желілерін жауып тастады;

-Иран-Ирак соғысындағы ең күрделі кезеңдерінде, 1982 жылдың сәуір айында Сирия Иракты Жерорта теңізімен байланыстыратын мұнай құбырын Банияска жауып тастады. Осыдан кейін, Ирак экспорты әлсіреген болатын.

Түркия

Ирак үшін ерекше стратегиялық маңызы бар 1978 жылы орнатылған Түркиямен жаңа байланыстар болды. Қоғам мүдделеріне негізделген Күрд мәселесін шешуде Ирак-Түркия және экономикалық салада қатынастар жақсы дамыды. Багдад үшін Сириядағы мұнай құбыры жабылғаннан кейінгі, Солтүстіктегі мұнай құбырынан Түркияның Жерорта теңізі жағалауына апаратын құбыр маңызды болды.

Сауд Арабиясының аумағы арқылы мұнай құбырын жүргізу, ол жалғыз

Ирак мұнайын экспорттау мүмкіндігі болды. Түркиямен, ОПЕК ұйымындағы басты қарсыласы Сауд Арабиясымен ынтымақтастық тек қана әскери қызығушылықтарымен байланысты болды.

ССАҒПЗ

Араб мемлекеттері ынтымақтастығы кеңесіне мүше елдер тұтастай алғанда Иран-Ирак соғысына бірыңғай көзқарасты дамыта алды. Ресми түрде бейтараптықты ұстанып, бұл қақтығысты саяси құралдармен шешу керек екенін жариялады.

Сауд Арабиясы және Кувейт

Сауд Арабиясы мен Кувейт Иракқа сөзсіз қолдау көрсетті. Эр-Рияд саясаты Сауд Арабиясы-Иран қатынастарындағы көптеген шиеленістермен тікелей байланысты болды.

Кувейт Багдад режимін қолдауы Иракпен территориялық қақтығыстардың қалпына келтіру қаупіне байланысты болды.

Соғыс кезінде Кувейт Иракқа айтарлықтай қаржылық көмек көрсетті. Сонымен қатар, оның порттары арқылы Иракқа қажетті тауарлар мен әскери техникалармен қамтамасыз етті және Кувейт аумағында Ирак әуе кемесіне ұшуға рұқсат берді.

Қорытынды:

Соғыс зардаптары екі ел үшін апатты болды. Ол миллионнан астам адамның өліміне, екеуінің де инфрақұрылымын бұзылуына, сарапшылардың айтуынша, соғыс нәтижесінде келтірілген шығын Иракқа 188 млрд доллар, Иран үшін 369 миллиард бағаланған (басқа ақпараттарда екі жақ үшін 1 триллион доллар). Әскери операциялар нәтижесінде, соның арқасында елдерге шетел валютасының түсуін қамтамасыз ететін мұнай өндіруші өнеркәсіптер зардап шекті. Осылайша, егер 1979 жылғы соңғы соғыс кезінде Ирак 175 миллион тонна мұнай өндірсе, содан кейінгі онжылдықта 139 миллион тонна өндірді [3]. Ирак Иранмен салыстырғанда әлдеқайда жақсы жағдайда болды. Парсы шығанағындағы еараб монархтары ұсынған 40 миллиард доллар несие, сондай-ақ бірқатар Батыс елдерінің және КСРО-ның қару-жарақтарын алу мүмкіндігі, Мысыр, Иордания, Судан, Марокко, Тунис, Йемен қолдаулары Ирактың экономикалық жағдайын біршама жеңілдетті. Бұдан басқа, бұрын айтылғандай, тұтастай алғанда әлемдік қауымдастық, бұл қарулы қақтығыста Иракты қолдады.

Таяу Шығыстағы бұл соғыс Саддам Хусейннің жеңіске жетуі мен Аятолла Хомейнидің Ирандағы «революциялық ислам» доктринасымен аяқталды.

Соғыс экономикаға тигізген өте күрделі салдарларға қарамастан Ирак, аймақтық қатынастар саласында саяси артықшылықтарға ие болды. Алайда Иран-Ирак соғысы бір мезгілде, Араб әлемінде көптеген қарама-қайшылықтардың болуына алып келді, оның дәлелі 1990-1991 жылдардағы Ирак-Кувейт қақтығысы.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Багдат Амреев. Аравийские монархии. Алматы, 2004.
2. Patrick Cockburn. The Rise of Islamic State: ISIS and the New Sunni Revolution. 2015.
3. OPEC Annual Statistical Bulletin 2012 // URL: http://www.opec.org/opec_web/en/publications/202. Htm

УДК 327

НЕКОТОРЫЕ ПРОБЛЕМЫ ВНЕДРЕНИЯ ТРЕХЪЯЗЫЧИЯ И ПЕРЕХОДА НА ЛАТИНСКУЮ ГРАФИКУ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

Камысов Максат Кайратович

19_05_maks@mail.ru

Студент факультета международных отношений, ЕНУ им. Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан
Научный руководитель – Эдита Денст-Гарсия

В настоящее время в области языка в Казахстане бушуют бурные дискуссии о двух, тесно связанных друг с другом, предстоящих реформах. Речь идет о введении программы трехязычия в образовательном секторе, а впоследствии и на более обширных уровнях, а также об уже очередной смене письменной графики казахского языка. Инициативы по